

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 608 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 27-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам және мемлекеттік органдар жүйесі

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адамға және мемлекеттік органдар жүйесіне Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері,

сондай-ақ Конституцияда, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалған өз құзыреті шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жатады."

2. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) мазмұнында:

38 және 39-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарының су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті

39-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті";

2) 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган, коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган, Конституцияда, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.";

3) 37-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бассейндер және облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) деңгейінде су пайдалану лимиттерін бекітеді";

4) 38-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарының су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары:"

5) 39-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы құзыреті";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:";

6) 40-баптың 2-тармағында:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) мыналарды:

облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының тиісті бассейнің су объектілерін ұтымды пайдалану жөніндегі жоспарларын;

судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындардың және басқа да құрылысжайлардың салынатын орнын айқындау жөніндегі ұсыныстарды;

су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар мен басқа да құрылысжайларды орналастыруды, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын;

су объектілерінде, су қорғау белдеулері мен аймақтарында құрылыс, су түбін тереңдету, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жарылыс жұмыстарын жүргізу, су өсімдіктері, кәбілдерді, құбыр жолдарды және басқа да коммуникацияларды төсеу, орман ағаштарын кесу, сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа жұмыстар туралы құжаттарды;

су пайдаланушылардың су объектілерін сақтау, олардың жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын келісу;"

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау және су бұру мәселелері бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;"

7) 42-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау туралы бассейндік келісімдер ( бұдан әрі – бассейндік келісімдер) бассейндік басқармалардың, облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының және су объектісі бассейнінің шегінде орналасқан басқа да субъектілердің арасында олардың қызметін біріктіру және үйлестіру, сондай-ақ су объектілерін қалпына келтіру мен қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында жасалады.";

8) 43-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тиісті бассейндік басқарманың басшысы басқаратын бассейндік кеңес облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының басшыларынан, мемлекеттік органдардың аумақтық органдарының басшыларынан және су пайдаланушылардың өкілдерінен тұрады. Бассейндік кеңестің құрамына қоғамдық бірлестіктердің және олардың қауымдастықтарының өкілдері де кіруі мүмкін. Бассейндік кеңестің әзірлік жұмысын ұйымдастыру бассейндік басқармаға жүктеледі.";

9) 49-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары.";

10) 65-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ортақ су пайдалануға қойылатын шарттар мен олардың қағидаларын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілейді.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында өңірдегі жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану қағидаларында тиісті өңірдің аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және шаруашылық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу тыйым салынған жерлерді айқындай алады.";

11) 67-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Оқшау су пайдалануға берілген су объектілерінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген шарттармен ортақ су пайдалануға рұқсат етіледі.

3. Оқшау су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ортақ су пайдалануға қойылатын шарттар немесе оған тыйым салу туралы жариялауға міндетті.";

12) 68-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Бірлесіп су пайдалануға берілген су объектілерінде облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген шарттармен ортақ су пайдалануға рұқсат етіледі.

4. Бірлесіп су пайдаланатын су пайдаланушылар, егер облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдарының шешімдерімен өзгеше белгіленбесе, ортақ су пайдалануға қойылатын талаптар немесе оған тыйым салу туралы жариялауға міндетті.";

13) 105-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кеме қатынасы үшін пайдаланылатын су объектілерінде кеме жетегінсіз ағаш ағызуға тыйым салынады. Су объектілерінде күйелі ағаш ағызуға тыйым салынады. Ағаш ағызуды жүзеге асыратын ұйымдар су объектілерін батып кеткен ағаш сүрегінен үнемі тазартып отыруға міндетті. Ағаш ағызу үшін пайдаланылатын су объектілерінің тізбесін және оларды тазарту тәртібін уәкілетті органмен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.";

14) 111-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Су пайдаланушылардың тежеуіш гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жер үстіндегі ағын суды реттеуі кеме қатынасы және осы өзен бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау ескеріле отырып, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мүдделі органдармен келісу бойынша жүзеге асырылады.";

15) 112-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Орталық органдар және облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес су объектілерін сақтау, олардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау, сондай-ақ аталған құбылыстардың зардаптарын жою жөнінде тұрақты даму қағидатымен үйлесімді шаралар қолданады.";

16) 117-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ауыз сумен жабдықтау, емдеу, курорттық және халықты сауықтырудың өзге мұқтаждары үшін пайдаланылатын суды қорғау мақсатында облыстардың ( республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары санитариялық қорғау аймақтарын белгілейді.";

17) 122-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шағын су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері шегінде ортақ су пайдалану режимін және шаруашылық қызметті жүзеге асыруды, сондай-ақ олардың

ластануының, қоқыстануы мен сарқылуының алдын алу және жою жөніндегі шараларды облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен, ал сел қаупі бар өңірлерде – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша белгілейді."

3. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 56, 57-құжаттар; № 8-II, 71, 72-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 7, 14-құжат; № 9, 17-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) 1-баптың 12-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-1) жобалардың экологиялық сараптамасы – қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігі мен инженерлік қорғау мәселелері бойынша жобалық шешімдер мен есептеулердің сараптамалық бағасы, ол мыналардың:

жаңа ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға немесе бұрыннан барларын реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) және күрделі жөндеуге арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелердің және жобалау-сметалық құжаттаманың) ведомстводан тыс кешенді сараптамасының;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының бекітуіне жататын аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобалары, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны бір жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобалары бойынша кешенді қала құрылысы сараптамасының бір бөлігі болып табылады;"

2) 51-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның сараптама бөлімшелерінің, тиісті аумақтағы

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары не облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының сараптама бөлімшесінің басшысы өз құзыреті шегінде қол қояды.";

3) 54-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу процесіне сырттан сарапшылар тарту

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу сырттан сарапшылар тартуды талап еткен жағдайда, мемлекеттік экологиялық сараптама органдарының сараптамалық қорытындылар алу үшін басқа мемлекеттік органдарға, өзге де ұйымдарға, сондай-ақ жекелеген мамандарға өтініш жасауға құқығы бар. Сырттан сарапшылар тартуды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады."

4) 69-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әртүрлі облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумағында орналасқан әрбір объектінің орналасқан жері бойынша өтінім беруге тиіс.";

5) 71-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты I санат объектілеріне - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдан, II санат объектілеріне - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, III санат объектілеріне - оңайлатылған схема бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, IV санат объектілеріне облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан алады.";

6) 98-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары инвестициялық экологиялық жобаларды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірлеп, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді.";

7) 154-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мыналарды:

облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының қалдықтарды жинақтауға және жоюға арналған жер учаскесін бөлу туралы шешімін;

жер учаскесі орналасқан жер бойынша өздерінің құзыреті шеңберінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың,

кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері растаған, жер учаскесінің шекараларын белгілеу және жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың берілгені туралы анықтаманы;

қалдықтарды орналастыру объектілерін құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін;

қалдықтарды орналастыру объектілерін құруға мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындыларын қамтитын қалдықтарды орналастыру объектісі бойынша кадастр ісін ұсынады.";

8) 224-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке және заңды тұлғалар облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген суды ортақ пайдалану ережелерін сақтауға міндетті.";

9) 227-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және оның аумақтық органдарына, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, мемлекеттік орман мониторингін жүргізу, орман пайдалану төлемақысының мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпаратты беріп тұруға міндетті."

4. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13,



45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 16, 55-құжат):

1) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері тиісінше облыстық мәслихаттардың, республикалық маңызы бар қалалар, астана мәслихаттарының шешімдерімен бекітіледі.";

2) 19-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерв кіреді.";

3) 31-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі істер органдарын және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерін қоспағанда, мемлекеттік органдардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бола алмайды.";

4) 42-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған реттерде, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің өтініштері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізілген жағдайларда, бюджет процесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің басқа облыстық бюджеттермен, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерімен өзара қатынастарына жол беріледі.";

5) 45-баптың 4-тармағының бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңымен – республикалық бюджет пен облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің арасында,";

6) 49-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінен түсетін трансферттер,";

7) 53-баптың 1-тармағының 12) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне трансферттер,";

8) 72-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің бекітілетін тапшылығының (профицитінің) мөлшері ақшалай түрде көрсетіледі.";

9) 79-баптың 2-тармағының екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана арасында төмен тұрған бюджеттерге ағымдағы нысаналы трансферттер мен кредиттер бөлу;"

10) 101-баптың 7-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уақытша бос бюджет ақшасын ұтымды пайдалану және тиісті бюджетке кіріс алу мақсатында республикалық және облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің уақытша бос бюджет ақшасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге) орналастырылады.";

11) 108-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Облыстық бюджеттерді, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттерін нақтылау республикалық бюджетті нақтылауға байланысты жүргізілген жағдайда, мәслихаттың тиісті шешімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей қабылданады."

5. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 65-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 33-құжат; № 10, 50-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 67, 70-құжаттар; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 13, 45-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 47-құжат):

1) мазмұнында:

9 және 10-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті

10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының құзыреті";

2) 9-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті";

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары:";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:";

3) 10-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының құзыреті";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары өз өкілеттігі шегінде:";

4) 20-бапта:

4-тармақтың 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары, олардың орынбасарлары;

4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Медициналық қызметтер көрсету саласындағы бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы тексеру нәтижесі негізінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органының басшысына нұсқама беруге құқылы.";

5) 41-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мамандандырылған медициналық көмектің түрлері мен көлемін уәкілетті орган және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары белгілейді.";

6) 152-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төтенше эпидемия жағдайлары пайда болған кезде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының ұсынуы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен кезектен тыс міндетті дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі."

6. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 15-I, 15-II, 88-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 115-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 67-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 14, 50, 53-құжаттар; № 16, 56-құжат; № 21, 98, 102-құжаттар; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; 2018 ж., № 16, 56-құжат):

1) 58-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Прокурор – өз құзыреті шегінде жедел-ізвестіру қызметінің, анықтаудың, тергеудің және сот шешімдерінің, қылмыстық процестің барлық сатыларында қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына және осы Кодекске сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыратын лауазымды адам: осы Кодексте белгіленген өкілеттіктер шегінде іс-әрекет жасайтын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары, орынбасарлары, олардың аға көмекшілері мен көмекшілері, Қазақстан Республикасының Бас әскери және Бас көлік прокурорлары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың прокурорлары және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің бастықтары, олардың орынбасарлары, аға көмекшілер мен көмекшілер, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары және прокурорлары, аудандардың, қалалардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға прокурорлар мен прокурорлар. Соттың қылмыстық істі қарауына қатысатын прокурор айыптауды қолдау арқылы мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекеттік айыптаушы болып табылады."

2) 188-баптың үшінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

7. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 17, 91-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 7, 33-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 8-II, 67-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 126, 129, 131-құжаттар; 2017 ж., № 8, 16-құжат; № 14, 50-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; 2018 ж., № 16, 56-құжат):

32-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері;"

8. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 15, 46-құжат):

1) 386-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"386-бап. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзу

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары белгілейтін жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзу –

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 694-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, облыстық, республикалық маңызы бар қалалары және астана әділет органдарының басшысы мен оның орынбасарлары құқылы.";

3) 705-баптың екінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары;"

4) 804-баптың бірінші бөлігінде:

50) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"50) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының (199 (екінші бөлігі), 294 (бірінші және екінші бөліктері), 320 (бірінші, екінші және үшінші бөліктері), 382 (екінші және үшінші бөліктері), 383 (үшінші және төртінші бөліктері), 401 (алтыншы және жетінші бөліктері), 402 (төртінші бөлігі), 404 (тоғызыншы бөлігі), 408-1, 453, 462, 463, 464 (екінші бөлігі), 489-1, 490-баптар);";

58) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"58) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) әкімдері уәкілеттік берген лауазымды адамдарының (656-бап);".

9. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 16, 53-құжат):

27-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істер кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, баланың тұрғылықты (болатын) жеріндегі аудандық (қалалық) сотта қаралуы мүмкін немесе оған берілуі мүмкін. Өтінішхат істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға дейін берілуі мүмкін."

10. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат):

1) 18-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салық органдарының жүйесі уәкілетті органнан және оның облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша, аудандар, қалалар мен қалалардағы аудандар бойынша аумақтық бөлімшелерінен, сондай-ақ ауданаралық аумақтық бөлімшелерінен тұрады. Арнайы экономикалық аймақтар құрылған жағдайда, осы аймақтардың аумақтарында уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері құрылуы мүмкін";

2) 172-бапта:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Импорттаушының Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесі

облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне есепке алу-бақылау маркаларын алғанға дейін ұсынылады.";

10, 11, 12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесі облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің ақшаны уақытша орналастыру шотына ақша салу арқылы, сондай-ақ импорттаушының таңдау бойынша мынадай тәсілдердің кез келгені:

- 1) банк кепілдігі;
- 2) кепілгерлік;
- 3) мүлік кепілі арқылы қамтамасыз етіледі.

11. Ақшаны уақытша орналастыру шотын облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ашады.

12. Облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша уәкілетті органның ақшаны уақытша орналастыру шоты Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттауды жүзеге асыратын тұлғаның ақша салуына арналған.

Ақшаны уақытша орналастыру шотына ақша салу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

13. Импорттаушы ақшамен қамтамасыз етілген, Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін орындамаған кезде облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бес жұмыс күні өткен соң ақшаны уақытша орналастыру шотынан ақшаны бюджет кірісіне аударады.

14. Облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша уәкілетті органның ақшаны уақытша орналастыру шотына салынған ақшаны қайтару (есепке жатқызу) импорттаушының Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін орындағаны туралы есебі ұсынылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады .";

3) 505-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Елді мекендердің жеріне (үй маңындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде мына мөлшерлерде белгіленеді:

Р/с №	Елді мекеннің санаты	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жеріне арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)	Тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (теңге)

1	2	3	4
	Қалалар:		
1.	Алматы	28,95	0,96
2.	Астана	19,30	0,96
3.	Шымкент	19,30	0,96
4.	Ақтау	9,65	0,58
5.	Ақтөбе	6,75	0,58
6.	Атырау	8,20	0,58
7.	Қарағанды	9,65	0,58
8.	Қызылорда	8,68	0,58
9.	Көкшетау	5,79	0,58
10	Қостанай	6,27	0,58
11	Павлодар	9,65	0,58
12	Петропавл	5,79	0,58
13	Талдықорған	9,17	0,58
14	Тараз	9,17	0,58
15	Орал	5,79	0,58
16	Өскемен	9,65	0,58
17	Түркістан	9,17	0,58
18	Алматы облысы:		
19	Облыстық маңызы бар қалалар	6,75	0,39
20	Аудандық маңызы бар қалалар	5,79	0,39
21	Ақмола облысы:		
22	Облыстық маңызы бар қалалар	5,79	0,39
23	Аудандық маңызы бар қалалар	5,02	0,39
	Облыстық маңызы бар		0,39



24	қалған қалалар	Облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 85 пайызы	
25	Аудандық маңызы бар қалған қалалар	Облыс орталығы үшін белгіленген мөлшерлеменің 75 пайызы	0,19
26	Кенттер	0,96	0,13
27	Ауылдар	0,48	0,09

Бұл ретте елді мекендердің санаты техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптауышына сәйкес белгіленеді.";

2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Астана, Алматы, Шымкент қалалары және облыстық маңызы бар қалалар үшін:"

;

1) 529-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының бір шаршы метрінің ұлттық валютадағы базалық құны (Қ б) елді мекеннің түріне қарай мынадай мөлшерлерде айқындалады.

Р / с №	Елді мекеннің санаты	Теңгемен базалық құн
1	2	3
	Қалалар:	
1.	Алматы	60 000
2.	Астана	60 000
3.	Шымкент	60 000
4.	Ақтау	36 000
5.	Ақтөбе	36 000
6.	Атырау	36 000
7.	Қарағанды	36 000
8.	Қызылорда	36 000
9.	Көкшетау	36 000
10.	Қостанай	36 000
11.	Павлодар	36 000
12.	Петропавл	36 000
13.	Талдықорған	36 000
14.	Тараз	36 000
15.	Орал	36 000
16.	Өскемен	36 000
17.	Түркістан	36 000
18.	Облыстық маңызы бар қалалар	12 000

19.	Аумақтық маңызы бар қалалар	6 000
20.	Кенттер	4 200
21.	Ауылдар	2 700

Бұл ретте елді мекендердің санаттары техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен әкімшілік-аумақтық объектілер сыныптамасына сәйкес айқындалады.";

1) 543-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) арнайы аймақ – аумағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттері бар елді мекендер (Астана, Алматы, Шымкент қалаларын және облыстардың әкімшілік орталықтарын қоспағанда);";

2) 546-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ең төмен және ең жоғарғы базалық мөлшерлемелерінің мөлшері:

Р/с №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық мөлшерлеменің ең төмен мөлшері (айлық есепті көрсеткіш-термен)	Тіркелген салықтың базалық мөлшерлемелерінің ең жоғарғы мөлшері (айлық есептік көрсеткіштермен)
1	2	3	4
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	12
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	18
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1	4
4.	Ойын жолы	5	83
5.	Карт	2	12
6.	Бильярд үстелі	3	25
7.	Уәкілетті ұйымның Астана, Алматы немесе Шымкент қалаларында орналасқан айырбастау пункті	30	100
8.	Уәкілетті ұйымның арнайы аймақта орналасқан айырбастау пункті	1	20
9.	Астана, Алматы және Шымкент қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	10	50

";

1) 595-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"595-бап. Төлемақы мөлшерлемелері

1. Жылдық төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын АЕК-тің еселенген мөлшерінде айқындалады.

2. Радиобайланыстың мынадай түрлеріне жылдық төлемақы мөлшерлері мыналарды құрайды:

Р/с №	Радиобайланыс түрлері	Пайдалану аумағы	Төлемақы мөлшерлемесі (АЕК)
1.	Дербес радиошақыру радиожүйелері (ені 25 кГц жиілік берілгені үшін)	облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары	10
2.	Транкинг байланысы (қабылдауға ені 25 кГц/ беруге 25 кГц радиоарна үшін)		
2.1.		облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары	140
2.2.		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	80
2.3.		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	10
3.	УҚТ-диапазонды радиобайланыс (қабылдауға ені 25 кГц/беруге 25 кГц дуплексті арна үшін)		
3.1.		Астана, Алматы, Шымкент қалалары	80
3.2.		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	60
3.3.		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	15
4.	УҚТ-диапазонды радиобайланыс (ені 25 кГц симплексті арна үшін)		
4.1.		Астана, Алматы, Шымкент қалалары	30
4.2.		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	20
4.3.		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	10
5.	Таратқыштың шығу қуаты: - 50 Вт - қа дейін; - 50 Вт-тан астам болған кезде ҚТ-байланыс (бір жиілік берілгені үшін)	облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары	1 0 20
6.	Радиоұзартқыштар (арна үшін)	облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары	2
7.	Ұялы байланыс (қабылдауға ені 1 МГц/беруге 1 МГц жиіліктер белдеуі үшін)	облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары	2 850
8.	Жаһандық дербес жылжымалы спутниктік байланыс (қабылдауға ені 100 кГц/ беруге 100 кГц жиіліктердің дуплексті белдеуі үшін)	Қазақстан Республикасы	20

9.	HUB-технологиясы бар спутниктік байланыс (HUB-қа пайдаланылатын қабылдауға белдеуі 100 кГц/беруге 100 кГц болатын ені үшін)	Қазақстан Республикасы	30
10.	HUB-технологиясынсыз спутниктік байланыс (бір станция пайдаланатын жиіліктер үшін)	Қазақстан Республикасы	100
11.	Радиорелелі желілер (бір аралықтағы дуплексті арна үшін):		
11.1	жергілікті	аудан, қала, кент, ауыл, ауылдық округ	40
11.2	Аймақтық және магистральдық	Қазақстан Республикасы	10
12.	Сымсыз радиоға қолжетімділік жүйелері (қабылдауға ені 25 кГц/беруге 25 кГц дуплексті арна үшін)		
12.1		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	25
12.2		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	2
13.	КБС-технологиясы пайдаланылған кезде сымсыз радиоға қолжетімділік жүйелері (қабылдауға ені 2 МГц/беруге 2 МГц дуплексті арна үшін)		
13.1		Астана, Алматы, Шымкент қалалары	140
13.2		халқының саны 50 мың адамнан асатын елді мекен	70
13.3		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық маңызы бар қала, аудан, кент, ауыл, ауылдық округ)	5
14.	Эфирлік-кәбілдік телевизия (8 МГц жиіліктер белдеуі үшін)		
14.1		халқының саны 200 мың адамнан асатын елді мекен	300
14.2		халқының саны 50 мыңнан 200 мың адамға дейін болатын елді мекен	135
14.3		халқының саны 50 мың адамға дейін болатын аудандық маңызы бар қала; аудан	45
14.4		қалған әкімшілік-аумақтық бірліктер (кент, ауыл, ауылдық округ)	5
15.	Теңіздегі радиобайланыс (радиомодем, жағалаулық байланыс, телеметрия, радиолокациялық және т.б.), бір радиоарна үшін	облыс	10

16.	Төртінші буындағы ұтқыр байланыс (қабылдауға ені 2 МГц/беруге 2 МГц радиожіліктер белдеуі үшін)	облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалалары	2 650
-----	---	---	-------

3. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жылдық төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жиілік диапазоны	Пайдалану аумағы	Төлемақы мөлшерлемесі (АЕК)
1	2	3	4
1.	Телевизия/жиіліктердің метрлік диапазоны		
1.1	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 50 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	81
		облыс	15
1.2	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 250 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	361
		облыс	65
1.3	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 500 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	957
		облыс	174
1.4	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	1 353
		облыс	245
1.5	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-тан жоғары	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	2 344
		облыс	425
2.	Телевизия/ жиіліктердің дециметрлік диапазоны		
2.1	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 50 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	51
		облыс	9
2.2	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 250 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	228
		облыс	41
2.3	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 500 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	605
		облыс	110
2.4	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-ты қоса алғанға дейін	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	855
		облыс	155
2.5	Таратушы радиоэлектрондық құралдың қуаты 1000 Вт-тан жоғары	Астана, Алматы, Шымкент қалалары	1 481
		облыс	269

4. Алты айды қоса алғанға дейінгі мерзімде тәжірибелік пайдалануды, жарыстарды, көрмелер мен өзге де іс-шараларды өткізу кезеңіне радиожілік спектрін пайдаланған кезде төлемақы радиобайланыстың түріне, радиожілік спектрін пайдалану аумағына

және таратушы радиоэлектрондық құралдың қуатына қарай, оны нақты пайдалану мерзіміне сәйкес келетін мөлшерде, бірақ жылдық төлемақы мөлшерлемесінің кемінде 1/12 мөлшерінде белгіленеді.

Ені осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілгеннен ерекшеленетін дуплексті (симплексті) арнаның белдеуін пайдалана отырып технологиялар қолданылған жағдайда, төлемақы мөлшерлемелері төлеуші осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген дуплексті (симплексті) арна белдеуінің еніне нақты қолданатын дуплексті (симплексті) арна белдеуі енінің үлес салмағы негізге алына отырып айқындалады.

Кең белдеулі сигнал технологиясы пайдаланылған кезде төлемақы қабылдауға ені 2 МГц/беруге 2 МГц болатын белдеу үшін алынады.";

1) 702-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолдану мақсатында жеке меншік және (немесе) жер пайдалану құқықтарындағы (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы мыналар үшін:

1-аумақтық аймақ – 5 000 га;

2-аумақтық аймақ – 3 500 га;

3-аумақтық аймақ – 1 500 га;

4-аумақтық аймақ – 500 га болып белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының көлемінен аспауға тиіс.

Осы тармақтың мақсаттары үшін жер учаскелерін мынадай аймақтарға бөлу қолданылады:

1-аумақтық аймақ: Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облысы, Шымкент және Алматы қалаларының топырақ-климаттық аймақтарындағы шөлді, жартылай шөлді және тау бөктеріндегі шөлді-далалық жерлеріндегі жайылымдар;

2-аумақтық аймақ: Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Астана қаласының, сондай-ақ 1-аумақтық аймақтың жерлерін қоспағанда, Ақтөбе облысының жерлері;

3-аумақтық аймақ: 1-аумақтық аймақтың жерлерін қоспағанда, суармалы жерлерін қоса алғанда, Атырау, Маңғыстау облыстарының жерлері;

4-аумақтық аймақ: 1-аумақтық аймақтың жерлерін қоспағанда, суармалы жерлерін қоса алғанда, Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облысы, Шымкент және Алматы қалаларының жерлері.

Шаруа немесе фермер қожалықтарында әртүрлі аумақтық аймақтардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері болған жағдайда, осы тармақтың мақсаттары үшін мұндай учаскелердің жиынтық алаңы осындай аумақтық аймақтар үшін белгіленген жер учаскесінің неғұрлым ауқымды шекті алаңының көлемінен аспауға тиіс.

Бұл ретте әрбір аумақтық аймақтағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің алаңы, мұндай аймақ үшін осы тармақта белгіленген жер учаскесінің шекті алаңының мөлшерінен аспауға тиіс."

11. "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23, 110-құжат; 2018 ж., № 15, 50-құжат):

10-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша аумақтық кеден органдарынан (бұдан әрі – аумақтық кеден органдары);".

12. "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 13-14, 348-құжат; 1994 ж., № 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 21, 274-құжат; 1998 ж., № 24, 432-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 23, 924-құжат; 2004 ж., № 24, 150-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2011 ж., № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймаққа Ақтөбе облысының Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар (бұрынғы Мұғалжар ауданының елді мекендері шекарасының шегінде), Темір аудандарының; Түркістан облысының Арыс (оның ішінде Арыс қаласы), Отырар, Созақ, Шардара аудандарының, Түркістан қаласының және Кентау қаласының Шаға, Жаңа Иқан, Ескі Иқан, Үшқайық, Иассы, Оранғай, Қарашық, Жүйнек, Бабайқорған, Шорнақ, Жібек жолы, Майдантал ауылдық округтерінің, сондай-ақ Қарағанды облысының Ұлытау ауданының (бұрынғы Жезқазған облысының Жезді ауданының елді мекендері шекарасының шегінде) аумақтары кіреді."

13. "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы" 1994 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 20, 248-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 209-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

8-баптың тақырыбы және бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке тұрғын үй құрылысы жағдайындағы құқықтары мен міндеттері

Жеке тұрғын үй құрылысын салу ережелеріне сәйкес республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары:".

14. "Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" 1995 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 32-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2010 ж., № 24, 152-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 13, 62-құжат; 2014 ж., № 19-II, 96-құжат):

9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдардан шыққан адамдарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыру

Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдардан шыққан адамдарды жұмысқа және тұрмыстық орналастыру тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады және аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың), республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына жүктеледі."

15. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 33-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 21, 118-құжат; 2015 ж., № 21-III, 135-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; 2016 ж., № 23, 118-құжат; № 24, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 8, 16-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 16, 56-құжат; № 24, 115-құжат):

9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары

1. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша аумақтық органдары мен оларға бағынышты қалалық және аудандық басқармалар (бөлімдер, бөлімшелер) тиісті аумақтарда ұлттық қауіпсіздік органдарына жүктелген міндеттерді іске асыру үшін құрылады.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана бойынша аумақтық органдары заңды тұлғалар болып табылады, олардың нақтылы және шартты атаулары, мөрлері мен мөртабандары, шоттары, негізгі қорлары, әлеуметтік-мәдени және медициналық мақсаттағы объектілері болады.



3. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары жедел- қызметтік жұмысында жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен олардың лауазымды адамдарынан тәуелсіз болады."

16. "Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 104-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 17-18, 108-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; 2015 ж., № 19-II, 104-құжат):

1) 7-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"14) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына аумақтық қорғанысты қамтамасыз ету, аумақтарды жедел жабдықтау және азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша тапсырмалар белгілейді;"

2) 7-1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңге арналған жоспарын әзірлейді, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келіседі;"

3) 9-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы құзыреті";

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері өз құзыреті шегінде:"

2-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмылдыру жоспарларын әзірлейді, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктерімен келіседі және бекітеді, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде жұмылдыру дайындығы бойынша іс-шараларды өткізеді;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жұмылдыру дайындығын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;"

17. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 16, 53-құжат):

1) 7-1-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдарында құрылатын нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссияларында аттестаттаудан өтеді.";

2) 7-2-баптың 2, 3, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарын қоса тіркей отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары арқылы оны аттестаттауға жіберу туралы өтінішін тұрғылықты жері бойынша тиісті нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясына жолдайды.

3. Құжаттар тиісінше ресімделмеген не олардың толық топтамасы табыс етілмеген жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары қайтару себебі туралы жазбаша хабарламамен ол түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде үміткерге өзі ұсынған құжаттарымен бірге өтінішті қарамастан қайтарады.

4. Егер үміткер осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, оны аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тартылған жағдайда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары өтініш түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей дәлелді шешімді үміткерге жібереді.

Аттестаттауға жіберуден бас тартуға заңда белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасалуы мүмкін.

5. Аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттаудың өтетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы оны өткізгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей облыстардың,

республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары жазбаша хабардар етеді."

18. "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 48-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2016 ж., № 1, 2-құжат):

17-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына және сәуле алуы жоғары болуы мүмкін аумақтар халқына радиациялық авария туралы дереу хабарлауға;"

19. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 123-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 13, 65-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) 7-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ведомствоның облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумақтық бөлімшелерінің басшылары тиісті облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары болып табылады.";

2) 9-1-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:"

20. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат;

2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 9, 18-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

4-4-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-4-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:".

21. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 21-I, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат; № 13, 45-құжат; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 16, 56-құжат):

1) 5-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тиісті мәслихат депутаттарының санын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы мынадай шектерде: облыстық мәслихатта, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарында елуге дейін; қалалық мәслихатта отызға дейін; аудандық мәслихатта жиырма беске дейін белгілейді.";

2) 6-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ядролық қондырғылар мен объектілерді салуға келісім беру туралы мәселені қарайды.";

3) 24-1-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қолдарды жинау облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың сайлау комиссиясынан таңдаушылар қол қою парақтарын алған күннен бастап отыз күннің ішінде жүзеге асырылады. Көрсетілген мерзім аяқталған соң қол қою парақтары облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың сайлау комиссияларының қабылдауына жатпайды.";

4) 35-баптың 1-тармағының 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан мәдениет мекемелерін қоспағанда, мектепке дейін тәрбие беретін және оқытатын ұйымдардың, мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді;"

22. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 9, 85-құжат; 2003 ж., №11, 56-құжат; № 12, 83-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 15, 85-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 11, 37-құжат; № 23, 105-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., №13, 91-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 6, 27-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2018 жылғы 5 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Есептілік

Даму Банкі:

1) ай сайын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға – республикалық бюджет ақшасының шығыстары туралы;

2) ай сайын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына – жергілікті бюджеттер ақшасының шығыстары туралы;

3) ай сайын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға – Даму Банкіне республикалық бюджеттен, тиісті облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына – жергілікті бюджеттерден бөлінген заем қаражатының игерілуі туралы есептілікті табыс етеді.";

2) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Даму Банкінің, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың арасында осы Заңды орындау бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі."

23. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

12-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлейді және енгізеді;"

24. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) 13-баптың 6-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының іс-әрекеттеріне, сондай-ақ жобалардың сараптама қорытындысына сот тәртібімен шағым жасауға;"

2) 19-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) халықаралық мамандандырылған көрменің объектілері бойынша сәулет-құрылыс құжаттамаларын қоспағанда, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларын (негізгі ережелерін қоса алғанда), жалпы мемлекеттік, мемлекетаралық немесе өңіраралық маңызы бар өзге де қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасын, сондай-ақ оларға енгізілген өзгерістерді бекітеді";

3) 22-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Республикалық маңызы бар қалалар, астана мәслихаттарының қала аумағында және қала маңы аймағында жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыретіне:";

4) 25-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Республикалық маңызы бар қала, астана және облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыреті";

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдіктерінің ведомстволық бағынысты аумақта белгіленген шекара шегінде жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыретіне:";

5) 27-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астана):

сәулет және қала құрылысы;

құрылыс (бірыңғай тапсырыс беруші қызметі);

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарына;";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша қалалардың бас сәулетшілері болып табылады.";

6) 60-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша тапсырысшы (меншік иесі) жобалау (жобалау-смета) құжаттамаларынсыз не нобайлар (нобайлық жобалар) бойынша:";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы баптың 2-тармағының 3) және 4) тармақшаларында аталған үй-жайларды немесе құрылыстарды техникалық жағынан күрделі емес өзгерістер тобына жатқызу

туралы шешімді республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қабылдайды.";

7) 62-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет-жоспарлау тапсырмасына сәйкес;"

8) 63-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет-жоспарлау тапсырмасына сәйкес;"

25. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 247-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 23, 117-құжат; 2011 ж., № 10, 86-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 6, 27-құжат; № 10, 50-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 158-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 7-8, 22-құжат; 2018 ж., № 14, 42-құжат):

1) 5-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Учаскелік комиссиялар өз қызметін жергілікті өкілді органдармен келісілген және облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астаналық) атқарушы органдар бекітетін учаскелік комиссиялар туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Учаскелік комиссиялар туралы үлгі ережені орталық атқарушы орган бекітеді.";

2) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Адамға (отбасына) атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін уәкілетті орган жан басына шаққандағы орташа табыс пен облыстарда (республикалық маңызы бар қалаларда, астанада) отбасының әрбір мүшесіне есептелген кедейлік шегінің белгіленген айырмасы түрінде есептейді."

26. "Бал ара шаруашылығы туралы" 2002 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 5, 55-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 22-VI, 161-құжат):

14-1-баптың тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-1-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:"



27. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 16, 53-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандар мен қалалардың әділет бөлімшелері аумақтық әділет органдары болып табылады."

2) 19-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) орталық атқарушы органдардың заң қызметінің жұмысын үйлестіру және оған әдістемелік басшылық жасау, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттарының заң қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;"

28. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) 4-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары;"

2) 9-бапта:

тақырып және бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының өсімдіктерді қорғау саласындағы құзыретіне:"

29. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 16, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2009 ж., № 2-3, 6-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 22-I, 140-құжат; 2018 ж., № 12, 39-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Саяси партия саны бір мың адамнан кем емес, саяси партияның құрылтай съезін (конференциясын) шақыратын және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың үштен екісінің атынан өкілдік ететін Қазақстан Республикасы азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады. Азаматтар саяси партияның құрылтай съезіне (конференциясына) жеке өзі қатысады. Азаматтардың саяси партияның құрылтай съезінде (конференциясында) сенімхат бойынша өкілдік етуіне жол берілмейді. Саяси партияның құрылуын, оның ішінде құрылтай съезінің (конференциясының) өткізілуін ұйымдастыруды қаржыландыру осы Заңның 18-бабының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 10-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында партияның барлық облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалар мен астанадағы әрқайсысында кемінде алты жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін кем дегенде қырық мың партия мүшесі болуға тиіс.";

3) 16-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Саяси партия съезінің (конференциясының) шешімі саяси партияның съезіне (конференциясына) саяси партияның барлық облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астаналық филиалдары мен өкілдіктерінің өкілдері қатысқан кезде көпшілік дауыспен қабылданады.".

